



БЕКІТЕМІН
«ХАТУ» АҚ қабылдау
комиссиясы төрағасының м.а.
К.В. Колесникова

05 2026 ж.

**«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті»
АҚ-ның 2026–2027 оқу жылына арналған
B042 – «Журналистика және репортерлік іс»
білім беру бағдарламалары тобы бойынша
шығармашылық емтихандар өткізу бағдарламасы**

Осы Бағдарлама жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес) сәйкес әзірленді.

«Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіне» (бұдан әрі – ХАТУ) B042 – Журналистика және репортерлік іс білім беру бағдарламалары тобына түсу үшін талапкер бейіндік пәндердің орнына екі шығармашылық емтихан тапсырады.

«Халықаралық журналистика және интернет қауіпсіздік» білім беру бағдарламасы бойынша оқу ағылшын тілінде жүргізіледі. «Цифрлық журналистика», «Бизнес журналистика, SMM & PR», «Телерадиожурналистика» бағдарламалары көптілді - қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

«Халықаралық журналистика және интернет қауіпсіздік» бағдарламасы бойынша емтихан оқу тіліне сәйкес ағылшын тілінде, ал «Цифрлық журналистика», «Бизнес журналистика, SMM & PR», «Телерадиожурналистика» бағдарламалары бойынша талапкердің таңдаған оқу тіліне (қазақ немесе орыс) байланысты өткізіледі.

Типтік қабылдау ережелеріне сәйкес, ХАТУ кәсіби бағыттылығы бойынша қабылдау емтиханын, соның ішінде 2 (екі) шығармашылық емтиханын өткізеді. Бұл емтихандар талапкердің кәсіби бейімділігін анықтауға бағытталған.

1-ші шығармашылық емтихан - жазбаша

2-ші шығармашылық емтихан - ауызша түрде өтеді.

Шығармашылық емтихандардың өткізілуі мамандықтың шығармашылық ерекшелігімен, креативтілікпен, назар аударта білу қабілетімен және презентациялық дағдылардың болуымен байланысты.

Мақсаты - талапкердің журналистика және репортерлік іс саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға дайындық деңгейін анықтау.

Міндеттері:

- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау;
- коммуникациялық саладағы жазбаша және ауызша білімін, дағдысы мен біліктілігін анықтау;
- талапкердің осы білім беру бағдарламасын таңдау себебін және университетті аяқтаған соң мамандық бойынша жұмыс істеуге ынтасын анықтау.

Талапкер емтихан өтетін аудиторияға (бөлмеге) жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы ғана кіре алады. Емтихандар бейне және (немесе) дыбыстық жазба жүргізілетін аудиторияларда өткізіледі.

Шығармашылық емтихандар саны - 2.

Олар ХАТУ базасында келесі мерзімдерде өткізіледі:

- 8-13 шілде аралығында - мемлекеттік білім грантына үміткерлер үшін, ақылы бөлімге түсушілер үшін
- 8 шілде–15 тамыз аралығында - ақылы бөлімге түсушілер үшін.

Емтихан кестесі Қабылдау комиссиясымен нақтыланады.

Әр шығармашылық емтихан үшін максималды балл - 50.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алған немесе емтиханға келмеген талапкерлер бұл білім беру бағдарламасына түсуге жіберілмейді.

Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық емтихан алдында талапкерлерге емтихан материалдары беріледі, жауаптарды рәсімдеуге қойылатын талаптар мен емтиханның басталу және аяқталу уақыты түсіндіріледі.

1-ші шығармашылық емтихан берілген тақырыптардың біріне эссе жазу түрінде жазбаша түрде өткізіледі.

Университеттің арнайы комиссиясы қазіргі әлемнің өзекті мәселелерін қамтитын және талапкердің білім беру бағдарламасына сәйкес келетін эссе тақырыптарын әзірлейді. Эссе тақырыптары жазылған парақтар конверттерге салынып, мөрленеді. Әр конвертте үш эссе тақырыбы ұсынылады. Талапкер сол үш тақырыптың біреуін таңдайды.

Берілген тақырыпқа эссе - бұл еркін прозалық формада және құрылымда жазылған жеке пікірлерді, әсерлерді, ой-толғауларды баяндау. Эссенің стилі - көркем немесе публицистикалық, тілі - мектеп бағдарламасының лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормалары аясында болуы тиіс. Эссеге қойылатын негізгі талап - ұсынылған тақырыпты толық ашу.

Эссе тақырыптарының үлгілік бағыттары:

Цифрлық журналистиканың, SMM, жарнама, PR немесе қоғаммен байланыс саласының дамуы; халықаралық және телерадио журналистика; цифрлық технологиялар; қоғамдық сананы жаңғырту; бұқаралық ақпарат құралдары; ақпараттық терроризм; Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары; ұлттық мүдделер мен елдің қауіпсіздігін нығайту; білім беру; экология; медиа саласындағы мамандықтар.

Эссеге бөлінген уақыт -3 сағат.

Эссенің көлемі - 3-4 бет.

Эссе үшін ең жоғары балл - 50 балл.

Эссені бағалау критерийлері:

а) Тақырыпты ашу қабілеті, мазмұндылығы – 20 балл

ә) Құрылымы, композициялық толықтығы – 15 балл

б) Тілі мен баяндау стилі, көркемдігі, сауаттылығы – 15 балл

2-ші шығармашылық емтихан ауызша түрде өткізіледі және екі тапсырмадан тұрады.

1-ші тапсырма - берілген шығармашылық жобаны қорғау немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген өз жұмыстарын ұсыну (шарт: талапкер не жобасын, не жарияланған жұмыстарын ұсынады).

Шығармашылық жоба - бұл талапкердің қойылған мақсатқа жету үшін өз креативті шешімін көпшілік алдында ұсынуы.

Шығармашылық жоба:

«Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламалары тобы бойынша ХАТУ-дың білім беру бағдарламаларын насихаттайтын жарнамалық ролик, видеосюжет, анимациялық бейнеролик немесе reels жасау, дайын бейнематериалды өзіңіздің Instagram, TikTok

парақшаларыңызда жариялау және сол материалдың астында ең көп пікір, лайк пен атап өту жинау қажет.

Презентацияны қорғауға бөлінген уақыт - комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауаптарды қоса алғанда 8 минуттан аспауы тиіс.

- 2-ші тапсырма - талапкердің жалпы дүниетанымын анықтауға арналған емтихандық сұрақтарға жауап беру.
- Ауызша емтихан үшін ең жоғары балл – 50 балл.

Ауызша емтиханды бағалау критерийлері:

а) Жарияланған жұмыстар (мақалалар, сценарийлер және т. б.) немесе жоба презентациясы - 20 балл.

б) талапкердің жалпы ой - өрісі (талапкердің елдің саяси өмірін, мемлекеттік құрылымын, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басым бағыттарын және т. б. білуі), Қазақстан БАҚ қызметі туралы түсінік деңгейі (медиа порталдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының жалпы сипаттамасы) - 15 балл

г) өз ойларын жеткізе білу, сөйлеу байлығы, жалпы мәдениет, шешендік, дикция және т. б. – 15 балл.

2-ші шығармашылық емтиханды тапсыратын әрбір талапкерге жеке хаттама толтырылады. Хаттама нөмірленіп, емтихан комиссиясының мүшелері қол қояды.

Шығармашылық емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

Апелляция туралы өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтиханды тапсырған тұлғаның өзі тарапынан жеке түрде беріледі. Өтініш шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия тарапынан бір күн ішінде қаралады.

Шығармашылық емтихан нәтижелері ведомость түрінде рәсімделіп, емтихан алушының қолымен және қабылдау комиссиясы төрағасының растауымен куәландырылады. Кейін нәтижелер Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне енгізіледі – бұл шығармашылық емтихан нәтижелері республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімге арналған білім беру грантын тағайындау конкурсына немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы оқуға түсу үшін қолданылады.

ХАТУ АҚ қабылдау
комиссиясының жауапты
хатшысы



Жакыпбеков С.Ж.

Шығармашылық емтихандарды
қабылдау комиссиясының
төрағасы



Ниязгулова А.А.